

**Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы " Жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіру" жобасының екінші кезеңін дайындауға грант бөлу туралы келісім-хатқа қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 тамыздағы N 804 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы "Жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіру" жобасының екінші кезеңін дайындауға грант бөлу туралы келісім-хаттың жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Серік Әбікенұлы Үмбетовке Қазақстан Республикасы атынан Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы "Жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіру" жобасының екінші кезеңін дайындауға грант бөлу туралы келісім-хатқа қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң  
міндетін атқарушы

Р е с п у б л и к а с ы

Әлемдік Банк 1818 H Street N.W. (202)477-1234

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЙТА ҚҰРУ Washington, D.C. Кабельдік адрес:

ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІ 20433 INTBAFRAD

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДАМУ U. S. A. Кабельдік адрес:

АССОЦИАЦИЯСЫ INDEVAS

2005 жылғы 29 сәуір

05/282

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі

С.А.Үмбетов мырзаға

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

Абай даңғылы, 49г

Астана қаласы 473000

Қазақстан Республикасы

Жапония Үкіметінің Жерді суландыру және дренаж жүйелерін

жетілдіру жөніндегі жобаның екінші кезеңін дайындауға

арналған гранты - Грант N TF 054598

Құрметті Үмбетов мырза,

Халықаралық қайта құру және даму банкінің (бұдан әрі - Банк) атынан және Жапония Үкіметі ұсынған грант қаражатының әкімшісі ретінде осымен Қазақстан Республикасына (бұдан әрі - Алушы) алты жүз мың (600 000) АҚШ долларынан аспайтын мөлшерде гранттың (бұдан әрі - Грант) бөлінгеніне Банктің келіскенін білдіреміз.

Грант Алушының мақсаттарға қаржылық жәрдем көрсету туралы сұрау салуына жауапқа және осы Грант туралы келісім-хатқа Қосымшада көрсетілген ережелер мен шарттарға сәйкес бөлінеді. Алушы өзінің келісім жасасуға және көрсетілген мақсаттар үшін және көрсетілген шарттарға сәйкес Грант қаражатын алуға уәкілетті екендігін мәлімдейді, оны төменде өзінің келісімімен растайды.

Банк саясатына сәйкес осы Грант туралы келісім-хат және бұл мәселе бойынша кез келген ақпараттың осы Келісім-хат күшіне енгеннен және Алушы осы ақпаратты ашуға өз келісімін бергеннен кейін жалпыға бірдей қолжетімді болатынына Сіздің назарыңызды аударамын.

Өз қолыңызды және қол қойылған күнді қойып, осы Грант туралы келісім-хаттың қоса берілген данасын Банкке қайтара отырып, Сіздің Алушының атынан жоғарыда баяндалғанмен келісетініңізді растауыңызды сұраймыз. Банк осы Грант туралы келісім-хаттың Сіз қол қойған көшірмесін алғаннан кейін Грант туралы келісім-хат Сіздің тарап оған қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

Құрметпен,

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМУ БАНКІ

Деннис Де Трей

Директор

Орталық Азиядағы өңірлік өкілдік

Еуропа және Орталық Азия өңірі

КЕЛІСІЛДІ:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

Кіммен \_\_\_\_\_

Аты \_\_\_\_\_

Лауазымы \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_

Қосымша

**Грантты берудің мақсаттары, мерзімі және шарттары**

1. Мақсаттар мен іс-шаралар

1.1. Гранттың мақсаты Жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіру жөніндегі жобаның (бұдан әрі - Жоба) екінші кезеңін дайындауда Алушыға көмек көрсету болып табылады, оның негізгі мақсаттары мынада: (i) жерді суландыру және дренаж жүйелерін, су шаруашылығын және тиімді су пайдаланушылар қауымдастығы (бұдан әрі - СПҚ) арқылы пайдаланушылардың жоғары қатысуы кезінде объектілердің

пайдаланылуы мен техникалық ұсталуын жетілдіру мен жаңғырту жолымен Қазақстанның суландырылатын өңірлерінде ауыл шаруашылығы өндірісін, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің жұмыспен қамтылуын және табыстарын ұлғайту; (ii) ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін ауыл шаруашылығын жүргізу практикасы мен ақпараттар қызметін жетілдіру; (iii) жерді суландыру, дренаж, ауыл шаруашылығы мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметтердің қолданылуын жақсарту. Грант берілетін іс-шаралар (бұдан әрі - Іс-шаралар) мыналардан тұрады:

(а) Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін дайындау үшін техникалық көмек беру, соның ішінде: (i) үкіметтік мекемелермен және жергілікті атқарушы органдармен консультациялар процесінде Жоба өңірін айқындау Жоба өңіріндегі жерді суландыру және дренаж жүйелерін оңалту мен жаңғырту үшін қажетті шаралар тегін анықтау; (ii) Жоба бойынша ұсынылатын шараларды ескере отырып, инженерлік зерттеулерден тұратын техникалық-экономикалық негіздемелерді дайындау; (iii) жүзеге асырылу деңгейінде Жоба бойынша ұсынылатын жұмыстардың жобаларын дайындау; (iv) Жобаны іске асыру жоспары мен сатып алу жоспарын дайындау, қаржылық басқару жүйесін әзірлеу; (v) Жоба объектілерінің пайдаланылу мен техникалық ұсталуы жоспарын әзірлеу, Жоба объектілерін қаржыландырудағы қажеттіліктердің есебі; (vi) Жобаны іске асыруға және объектілерді пайдалану мен оларға техникалық қызмет көрсетуге қатысу үшін СПҚ-ның даму жоспары мен әдістемесін дайындау; (vii) Жобаның шығындары мен тиімділігін, экономикалық және қаржылық талдауларын бағалауды дайындау; (viii) Жобаны іске асыру үшін мониторинг және бағалау, сондай-ақ Жобаның әсер етуін бағалау жоспарын дайындау; (ix) Жобаны іске асырудың институционалдық құрылымын, Жоба бойынша жұмыстар, шарттардың орындалуын бақылау және құрылыс жұмыстарын қадағалау үшін қажетті қызметтер көлемін айқындау. Бағалауға сәйкес бұл іс-шаралардың іске асырылу құны 470 000 АҚШ долларына баламалы соманы құрайды;

(б) Қоршаған ортаға әсер етуді бағалауды және Жобаны әлеуметтік бағалауды дайындау үшін техникалық көмек көрсету, соның ішінде: (i) бірқатар мүдделі тараптардың кедергілері мен мұқтаждықтары туралы түсіністікті дамыту; (ii) Жобаға қатысты әлеуметтік мәселелерді бағалау; (iii) Жобаны іске асыруда өзекті мүдделі тараптардың қатысуын және СПҚ-ны дамытудың озық әдістемелерін қамтамасыз ететін тетіктер әзірлеу; (iv) Жобаны іске асыру барысында қолданылатын әлеуметтік мониторинг бағдарламасын әзірлеу. Бағалауға сәйкес бұл іс-шараларды іске асырудың құны 100 000 АҚШ долларына баламалы соманы құрайды;

(в) басқару бөлігінде жобаны дайындау үшін қолдау ұсыну: офистік және компьютерлік жабдық ұсынуды және пайдалану шығыстарын төлеуді қоса алғанда,

Жобаны дайындау жөніндегі іс-шараларды қолдау және Су ресурстары комитетінің (бұдан әрі - СРК) әлеуетін арттыру үшін техникалық көмек беру. Бағалауға сәйкес бұл іс-шараларды іске асырудың құны 30 000 АҚШ долларына баламалы соманы құрайды.

## 2. Іске асырудың жалпы мәселелері

2.1. Алушы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің СРК арқылы: (а) Іс-шараларды тиісті ынта-жігермен және тиімділікпен жүзеге асыруға; (б) қаржыландыруды, объектілерді, қызметтерді және осы мақсаттар үшін талап етілетін басқа да ресурстарды уақтылы ұсынуға; (в) Банктің негізделген өтініштеріне жауап ретінде Іс-шаралар мен Грант қаражатын пайдалануға қатысты барлық ақпаратты ұсынуға; (г) Іс-шаралардың прогресі мен нәтижелері туралы Банк өкілдерімен дүркін-дүркін пікір алмасып тұруға; (д) Грантқа қатысы бар мақсаттарда Алушының аумағына бару мүмкіндігін беру үшін барлық қажетті шараларды қолдануға; (е) Грант қаражатынан қаржыландырылатын тауарлар мен қызметтердің тек Жоба мақсатына пайдаланылуын қамтамасыз етуге тиіс. Жоғарыда баяндалғандармен шектелмей, Алушы Банктің өтініші бойынша Іс-шаралар аяқталғаннан кейін нысаны мен мазмұны бойынша Банктің талаптарын қанағаттандыратын Іс-шаралардың нәтижелері мен әсері туралы есепті өте қысқа мерзімде дайындауға және Банкке ұсынуға тиіс.

## 3. Сатып алулар

3.1. Банспен келісілген ерекше жағдайларды қоспағанда, Іс-шараларды орындау үшін қажетті және Грант қаражаты есебінен қаржыландырылатын тауарлар мен қызметтерді сатып алу осы Қосымшаға I Толықтырудың ережелеріне сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

3.2. Алушы Грант қаражатынан қаржыландырылуға тиіс барлық импортталатын тауарлардың оларды сатып алумен, тасымалдаумен және пайдаланылатын жеріне жеткізумен немесе орнатумен байланысты тәуекелдерден сақтандырылуы және тиісті сақтандыру төлемі осындай тауарларды ауыстыруды немесе жөндеуді қамтамасыз ету мақсатында еркін пайдаланылатын валютамен төленуі үшін шаралар қолданады. Алушы Іс-шараларды орындаумен байланысты кез келген объектілерді пайдалану мен оларға техникалық қызмет көрсетудің әрқашан тиісті әдістерге сәйкес жүзеге асырылуы және мұндай объектілерді кез келген жөндеу немесе оларды жаңарту қажеттілігіне қарай жедел жүргізілуі үшін шаралар қолданады.

## 4. Грант қаражатын шоттан алу

4.1. Грант қаражаты Банк өз есебінен Алушының атына ашқан шотқа (бұдан әрі - Гранттық шот) енгізілетін болады және одан Алушы Грант қаражаты есебінен қаржыландырылатын Іс-шараларды жүзеге асыруға қажетті тауарлар мен қызметтерге арналған шығыстарды төлеу үшін ақылға қонымды баға бойынша осы 4-бөлімнің ережелеріне сәйкес алынуы мүмкін.

4.2. Төменде келтірілген кесте Грант қаражатынан қаржыландыруға арналған шығыстардың санаттарын, Грант қаражатын әрбір санат бойынша бөлуді, сондай-ақ

әрбір Санат бойынша қаржыландырылатын атаулар бойынша шығыстардың пайыздық үлесін белгілейді:

Бөлінетін

грант

қаражатының Қаржыландыру

Санаты сомасы алатын

(АҚШ шығыстардың %-ы

долларымен)

1) консультанттардың 578 000 100 %

қызметі, оқыту,

семинарлар

2) Тауарлар 11 000 85 %

3) Операциялық үстеме

шығыстар 11 000 85 %

**ЖИЫНЫ 600 000**

Осы тармақтың мақсаттары үшін:

а) "Оқыту семинарлар" деген термин оқыту жабдығының, материалдардың, объектілердің, оқыту курстарының білім алушылардың іссапар шығыстарының құнын төлеу үшін жүргізілетін оқытумен және семинарлармен байланысты жергілікті жерлердегі барлық шығыстарды білдіреді;

в) "Операциялық үстеме шығыстар" деген термин офистік жабдықты, байланысты және көлік шығыстарын, банк комиссиялары мен Банктің келісімі алынған басқа да шығыстарды қоса алғанда, бірақ Алушы қызметшілері мен қызметкерлерінің жалақысын қоспағанда, Іс-шаралармен тікелей байланысты ақылға қонымды үстеме шығыстарды білдіреді.

4.3. Жоғарыда келтірілген 4.2-тармақтың шарттарына қарамастан:

а) Гранттық шоттан: 1) осы Келісім-хатқа Банк қол қойған күнге дейін жүргізілген шығыстар бойынша төлемдерге; 2) Алушы тауарлардан алатын немесе Алушының аумағындағы кез келген салықтарды төлеуге; 3) жеке немесе заңды тұлғаларға төлем жасау мақсатында немесе, егер мұндай төлемдерге немесе импортқа, Банктің пікірі бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының VII тарауына сәйкес Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің шешімімен тыйым салынса, тауарлардың кез келген импортына төлем жасау мақсатында қаражат алуға рұқсат етілмейді;

б) Алушы Грант қаражатын Жапония Үкіметі Банкке Грант мақсаттарында бөлген мөлшерде ғана ала алады;

в) Жабу күні Банктің Жобаны қаржыландыруды бастапқы бекіткен күнінің шетінен шығатын мерзімге кейінге қалдырылуы мүмкін ерекше жағдайларды қоспағанда, 2007 жылғы 31 наурыздан кейін немесе Банк Алушыға хабарламада белгілеген неғұрлым кейінгі күннен кейін (Жабу күні) Гранттық шоттан қаражат алынбайды. Соған

қарамастан, егер Банк тиісті өтінімді ол өткеннен кейін Гранттың пайдаланылмаған қаражатының Гранттық шоттағы кез келген сомасы жойылатын Жабу күнінен кейін төрт ай ішінде алған жағдайда, Жабу күніне дейін жүргізілген шығыстарды төлеу үшін қаражат Жабу күнінен кейін алынуы мүмкін;

г) егер, Банктің пікірі бойынша 4.2-тармақ кестесінде көрсетілген қандай да бір санат шеңберінде бөлінген Грант сомасы осы санат бойынша шығыстарды қаржыландыру үшін жеткіліксіз болып шықса, Банк Алушыға жазбаша хабарлама жолдай отырып, басқа санатқа бөлінген, Банктің пікірі бойынша, басқа шығыстарды қаржыландыру үшін қажет етілмейтін Грант қаражатының осындай сомасын осы санатқа аударуы мүмкін.

4.4. Алушы Гранттық шоттан белгілі бір қаражат сомасын алғысы келгенде, ол Банк белгілеген нысанда осы соманы алуға жазбаша өтінімді Банкке жіберуге тиіс. Алуға арналған өтінімдер: а) оған Алушының атынан Қаржы министрі немесе ол жазбаша түрде уәкілеттік берген басқа тұлғаның қолы қойылуға; б) Банктің негізді өтініші бойынша, өтінімді растауға арналған деректер ілесе жүруге тиіс. Қаражатты алу өтінімдеріне қол қоюға уәкілетті тұлғаның қолдарының куәландырылған үлгілері оның қолтаңбасын қамтитын алғашқы өтініммен бірге ұсынылуға тиіс. Грант қаражатын алуға әрбір өтінім мен растайтын деректер Алушының Грант қаражатының осы мөлшерін алуға құқығы бар екеніне және қаражаттың осындай мөлшерінің Іс-шаралар жүргізуге пайдаланылатынына Банкті сендіру үшін нысаны мен мазмұны бойынша жеткілікті болуға тиіс. Банк Алушы алатын қаражатты Гранттық шоттан тек Алушыға немесе оның өтінімі бойынша төлейді.

4.5. Банк Гранттық шоттан қаражат алу мынадай келісім-шарттар бойынша шығыстарды төлеу үшін шығыстар тізімдемесі негізінде жүргізуді талап етуі мүмкін: а) құны 100 000 АҚШ долларынан немесе әрқайсысы баламалы сомадан аз консультациялық фирмалардың қызметтері; б) құны 50 000 АҚШ долларынан немесе әрқайсысы баламалы сомадан аз жеке консультанттардың қызметтері; в) тауарлар жеткізу; г) оқыту мен семинарлар; д) операциялық үстеме шығыстар; әрі мұның бәрі Алушыға хабарламасында Банк белгілейтін шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

4.6. Гранттың қаражатын алу Грант валютасымен жүргізіледі. Банк Алушының өтініші бойынша және Алушының өкілі ретінде әрекет жасап, Гранттық шоттан алынған Грант валютасына Гранттың қаражатынан қаржыландырылатын шығыстарды өтеу үшін қажет валюталарды сатып алады. Егер осы Келісім-хаттың мақсаттары үшін бір валютаның екінші валютаға қатысты құнын анықтау қажет болғанда, мұндай құнды Банк дәлелдеп айқындайды.

4.7. Іс-шаралардың орындалуын оңайлату үшін Алушы, ұстап қалудан, тәркілеуден немесе тыйым салудан тиісінше қорғауды қоса алғанда, Банкті қанағаттандыратын

шарттар мен ережелер негізінде коммерциялық банкте АҚШ долларымен арнайы депозиттік шот (Арнайы шот) ашуы және ұстауы мүмкін. Арнайы шотқа салымдар мен төлемдер осы Қосымшаға II Толықтырудың ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

#### 5. Есеп берулер мен аудит

а) Алушы, жазбалар мен есеп берулерді қоса алғанда, қаржылық менеджмент жүйесін жүргізеді немесе оның жүргізілуін қамтамасыз етеді, және Іс-шаралармен байланысты операцияларды, ресурстар мен шығыстарды бара-бар көрсететін Банктің бухгалтерлік есебінің жалпыға бірдей қабылданған стандарттарына сәйкес ресми қаржылық есеп берулерді әзірлейді.

б) Банктің сұрау салуы бойынша Алушы: 1) жоғарыда а) тармақшасында айтылатын , Банктің сұрау салуында белгіленген уақыт кезеңі ішінде Банк үшін қолайлы аудиттік стандарттарға сәйкес қаржылық есеп берулерді аудиттен өткізуге тиіс. Аудитті Банк үшін қолайлы тәуелсіз аудиторлар жүргізуге тиіс; 2) мүмкіндігіне қарай неғұрлым қысқа мерзімде, алайда осындай аудитті өткізу туралы Банктің сұрау салған күнінен кейін алты айдан кешіктірмей Банкке: А) жоғарыда а) тармақшасында көрсетілген, аудитке ұшыраған осындай уақыт кезеңі ішіндегі ресми қаржылық есеп берулердің куәландырылған көшірмелерін, Б) Банкті қанағаттандыратын көлемде және егжей-тегжейлерімен көрсетілген аудиторлар дайындаған осы есеп берулер бойынша қорытынды беруге; 3) Банкке аталған жазбалар мен есеп берулерге және осындай аудиттерге, сондай-ақ Банктің негізді өтініштеріне жауап ретінде көрсетілген аудиторларға қатысты басқа да ақпарат беруге тиіс.

в) Шығыс тізімдемелері негізінде Грант шотынан қаражат алу жүргізілген барлық шығыстар үшін Алушы: 1) Грант шотынан соңғы қаражат алу жүргізілген қаржы жылы аяқталғаннан кейін кемінде бір жыл осы шығыстарды растайтын барлық жазбаларды ( келісім-шарттарды, бұйрықтарды, шоттарды, чектерді және басқа да құжаттарды) сақтауға; 2) Банк өкілдеріне осы жазбаларды тексеруге мүмкіндік беруге; 3) жоғарыдағы б) тармақшасына сәйкес Банк сұрау салуы мүмкін осы жазбалардың және есеп берулердің жыл сайынғы аудитке қосылуын қамтамасыз етуге тиіс.

#### 6. Тоқтата тұру және тоқтату

6.1. Егер мынадай оқиғалар болса және одан әрі жалғасатын болса: (а) Алушы осында жазылған кез келген міндеттемелердің бірін орындамаса; немесе (б) Алушының немесе Алушының кепілдігімен Банк қарыз берген кез бөлген басқа ұйымның қарыз туралы кез келген Банктік келісім немесе дамытуға арналған кредит туралы кез келген келісім, Халықаралық Даму қауымдастығының грант бөлуі немесе қаржыландыруы туралы келісім бойынша қаражат алуға берілген құқығы тоқтатыла тұрса, Банк кез-келген уақытта Алушыны хабардар ете отырып, Гранттық шоттан Алушының одан әрі қаражат алу құқығын тоқтата алады.

6.2. Банк: (а) жоғарыдағы 6.1. параграфта жазылған себептер бойынша Алушының Гранттық Шоттан қаражат алу құқығы кез келген уақытта тоқтатыла тұрғанда; немесе (

б) Іс-шараларды орындау бойынша Банкті қанағаттандыратын әрекеттерді Алушы осы Келісім күшіне енген күнінен кейін алты ай ішінде қабылдамағанда; немесе (в) егер Банк Алушымен кеңескеннен кейін өзінің осы Жобаны қолдауын кез келген уақытта тоқтатқанда; немесе (г) егер Алушы Жобаны қаржыландырудағы Банктің көмегі туралы өз өтінішін қайтарып алғанда, Банк Алушыны жазбаша хабардар ете отырып, Гранттық шоттан одан әрі қаражат алу құқығынан Алушыны айыра алады.

I Толықтыру

### **Сатып алулар**

#### I бөлім. Жалпы ережелер

А. Барлық тауарлар мен қызметтер (консультанттардың қызметтерін қоспағанда) "ХҚДБ займдары мен ХДҚ кредиттері бойынша сатып алулар" Басшылығының (бұдан әрі - Сатып алулар жөніндегі Басшылық) 2004 жылғы мамырдағы редакциясының I бөлімінің ережелеріне сәйкес (осының 1.16-тармағын қоспағанда) және осы Толықтырудың ережелеріне сәйкес сатып алынады.

Б. Консультанттардың қызметтері "Дүниежүзілік банк қарыз алушыларының консультанттарды іріктеуі және жалдауы" Басшылығының (бұдан әрі - Консультанттар жөніндегі Басшылық) 2004 жылғы мамырдағы редакциясының I және IV бөлімінің ережелеріне сәйкес (осының 1.24-тармағын қоспағанда) және осы Толықтырудың ережелеріне сәйкес сатып алынады.

В. Белгілі бір келісім-шарттарды қарау үшін Банк қолданатын сатып алуларды немесе әдістерді жүзеге асырудың жекелеген әдістерін сипаттау үшін осы Толықтыруда төменде бас әріппен қолданылатын терминдердің Сатып алулар жөніндегі Басшылықта немесе Консультанттар жөніндегі Басшылықта оларға нұсқалған тиісті мән-жайларға сәйкес маңызы болады.

#### II Бөлім. Тауарлар мен қызметтерді (консультанттардың қызметтерін қоспағанда) сатып алудың жекелеген әдістері

Сауда желісіндегі сатып алулар. Тауарлар Сауда Желісіндегі Сатып алулар негізінде берілген келісім-шарттар бойынша сатып алынады.

#### III Бөлім. Консультанттардың қызметтерін сатып алудың жекелеген әдістері

А. Сапасы мен құны бойынша іріктеу. Осы бөлімнің Б бөлігінде көзделген өзге ережелерді қоспағанда, консультанттардың қызметтері Сапа мен құн бойынша іріктеу негізінде берілетін келісім-шарттар шеңберінде сатып алынады. Консультанттар жөніндегі Басшылықтың 2.7-тармағының мақсаттарында бағдарлы құны бір келісім-шартқа шаққанда 100 000 АҚШ долларынан аспайтын баламалы соманы құрайтын қызметтер көрсетуге арналған консультанттардың қысқаша тізіміне тек қана ұлттық консультанттардың кіруі мүмкін.

#### Б. Өзге де рәсімдер



1. Сапасы бойынша іріктеу. Банктің пікіріне сәйкес Консультанттар жөніндегі Басшылықтың 3.2-тармағында қамтылған талаптарды қанағаттандыратын тапсырмалар бойынша қызметтер сапасы бойынша іріктеу негізінде берілетін келісім-шарттар шеңберінде Консультанттар жөніндегі Басшылықтың 3.1. - 3.4-тармақтарының ережелеріне сәйкес сатып алынуы мүмкін.

2. Ең төменгі құн бойынша іріктеу. Банктің пікіріне сәйкес Консультанттар жөніндегі Басшылықтың 3.6-тармағында қамтылған талаптарды қанағаттандыратын тапсырмалар бойынша қызметтер Ең төменгі құн бойынша іріктеу негізінде берілетін келісім-шарттар шеңберінде Консультанттар жөніндегі Басшылықтың 3.1. - 3.6-тармақтарының ережелеріне сәйкес сатып алынуы мүмкін.

3. Консультанттардың біліктілігі негізінде іріктеу. Бір келісім-шартқа шаққанда бағдарлы құны 200 000 АҚШ долларынан аспайтын баламалы соманы құрайтын қызметтер Консультанттар жөніндегі Басшылықтың 3.1., 3.7. және 3.8-тармақтарының ережелеріне сәйкес берілетін келісім-шарттардың шеңберінде сатып алынуы мүмкін.

4. Бір көз қағидаты бойынша іріктеу. Консультанттар жөніндегі Басшылықтың Бір көз қағидаты бойынша іріктеуге қатысты 3.10-тармағында қамтылған талаптарды қанағаттандыратын мән-жайлар кезінде тапсырмаларды орындау жөніндегі қызметтер Банктің алдын ала келісімінің болуы шартымен, Консультанттар жөніндегі Басшылықтың 3.9. - 3.13-тармақтарының ережелеріне сәйкес сатып алынуы мүмкін.

5. Жеке консультанттар. Консультанттар жөніндегі Басшылықтың 5.1-тармағының бірінші сөйлемінде қамтылған талаптарды қанағаттандыратын тапсырмалар жөніндегі қызметтер Консультанттар жөніндегі Басшылықтың 5.2 - 5.3-тармақтарының ережелеріне сәйкес жеке консультанттарға берілетін келісім-шарттар шеңберінде сатып алынуы мүмкін. Консультанттар жөніндегі Басшылықтың 5.4-тармағында сипатталған мән-жайлар кезінде мұндай келісім-шарттар Банктің алдын ала келісімінің болуы шартымен, бір көз қағидаты бойынша жеке консультанттарға берілуі мүмкін.

#### IV Бөлім. Банктің сатып алу туралы шешімдерді қарауы

Егер Банк Алушыға хабарламада өзгеше белгілемесе, а) 100 000-нан кем емес АҚШ долларына баламалы бағдарлы құн бойынша компания беретін консультациялық қызметтер көрсетуге арналған әрбір келісім-шарт және б) 50 000-нан кем емес АҚШ долларына баламалы бағдарлы құн бойынша жеке консультанттардың қызметтер көрсетуіне әрбір келісім-шарт Банктің алдын ала қарауына жатады. Барлық қалған келісім-шарттар Банктің одан әрі қарауына жатады.

#### II Толықтыру

#### **Арнайы шот**

1. Осы Толықтырудың мақсаттары үшін:

а) "заңды санаттар" термині осы Келісім-хатқа Қосымшаның 4.2-тармағының кестесінде көрсетілген 1), 2), 3) санаттарын білдіреді;

б) "заңды шығыстар" термині Іс-шараларды жүзеге асыру үшін қажетті және Грант қаражатынан қаржыландырылуға тиіс тауарлар мен қызметтердің негізделген құнын төлеуге арналған шығыстарды білдіреді;

в) "мақұлданған аударым" термині Гранттық шоттан алынатын және осы Толықтырудың 3 а) тармағына сәйкес Арнайы шотқа енгізілетін 75 000 АҚШ долларына баламалы соманы білдіреді.

2. Арнайы шоттан төлемдер осы Толықтырудың ережелеріне сәйкес тек заңды шығыстарды қаржыландыру үшін жүргізіледі.

3. Банк Арнайы шоттың тиісті түрде ашылғанын растайтын өзі үшін қанағаттанарлық құжаттарды алғаннан кейін мақұлданған аударым қаражатын алу және Арнайы шотты толықтыру үшін қаражатты одан әрі алу мынадай түрде жүргізіледі:

а) алушы мақұлданған аударымдардың жиынтық мөлшерінен аспайтын соманы немесе сомаларды Арнайы шотқа енгізуге арналған өтінімді немесе өтінімдерді Банкке жібереді. Осындай өтінімнің немесе өтінімдердің негізінде Банк Алушының атынан Алушы сұраған соманы немесе сомаларды Гранттық шоттан алады және Арнайы шотқа енгізеді;

б) 1) Арнайы шотты толықтыру үшін Алушы мерзімділігін Банк белгілейтін Арнайы шотқа қаражат енгізуге арналған өтінімдерді Банкке жібереді;

2) осындай өтінімді бергенге дейін немесе берумен бірге Алушы оған байланысты Арнайы шотты толықтыруға қаражат сұратылатын төлемді немесе төлемдерді жүзеге асыру үшін осы Толықтырудың 4-тармағына сәйкес қажетті құжаттаманы және басқа да растайтын құжаттарды Банкке жібереді. Банк Алушының атынан алынған әрбір өтінімнің негізінде Алушы сұрау салған және жоғарыда аталған және өзге де құжаттар көрсеткеніндей, заңды шығыстарды төлеу үшін Арнайы шоттан төленетін соманы Гранттық шоттан алады және Арнайы шотқа енгізеді. Осындай түрде енгізілген барлық қаражатты Банк заңды санаттар шеңберінде және жоғарыда аталған және өзге де құжаттармен расталған тиісінше баламалы сомаларда Гранттық шоттан алады.

4. Арнайы шоттан Алушы жүргізген әрбір төлемге қатысты Алушы Банктің негізді талабы бойынша, Банкке құжаттарды және бұл төлемнің тек заңды шығыстарды жабу үшін жүргізілгендігінің өзге де дәлелдемелерін ұсынуға тиіс.

5. Осы Толықтырудың 3-тармағының ережелеріне қарамастан:

а) егер қандай да бір кезеңде Банк Алушы барлық қаражатты бұдан әрі тікелей Гранттық шоттан алуға тиіс деп шешсе;

б) егер Алушы осы Келісім-хатқа Қосымшаның 5 (б) тармағының (2) тармақшасында белгіленген мерзім ішінде Арнайы шотқа жататын есеп құжаттары мен бухгалтерлік шоттарды аудиторлық тексерулерге байланысты көрсетілген тармаққа сәйкес Банкке ұсынылуға тиіс қандай да бір аудиторлық есеп берулерді ұсынбаса;

в) егер қандай да бір кезеңде Банк өзінің осы Келісім-хатқа Қосымшаның 6.1-тармағының ережелеріне сәйкес Алушының Гранттық шоттан қаражат алу құқығын толық немесе ішінара тоқтата тұру ниеті туралы Алушыға хабарласа; немесе

г) Гранттың алынбаған қаражатының жалпы сомасы екі еселік Мақұлданған аударымдардың баламасымен теңескенде Банк Арнайы шотқа қосымша қаражат енгізуге міндетті емес.

Осыдан кейін Гранттық шоттан Гранттың жұмсалмай қалған сомасын алу Алушыға тиісті хабарламасында Банк белгілейтін рәсімдер пайдаланыла отырып жүргізіледі. Қаражатты одан әрі осылайша алу мұндай хабарлама сәтінде Арнайы шотта қалған барлық қаражаттың заңды шығыстарды төлеу үшін пайдаланылатынына Банк көз жеткізгеннен кейін және сол дәрежеде ғана жүргізіледі.

6. а) Егер Банк қандай да бір кезеңде Арнайы шоттан қандай да бір төлем: 1) осы Толықтырудың 2-тармағына сәйкес қолайлы болып табылмайтын шығыстарды немесе сомаларды өтеу үшін жүргізілген болса; немесе 2) Банкке ұсынылған құжаттармен расталмаған болса, Алушы Банктің тиісті хабарламасын алғаннан кейін дереу; а) Банк сұрау салған қосымша растау құжаттарын ұсынуға; немесе б) осындай төлемнің сомасына немесе оның заңды болып табылмайтын немесе расталмаған бөлігіне тең соманы Арнайы шотқа енгізуі (немесе Банктің өтініші бойынша Банкке қайтаруы) тиіс. Банкпен жасалған өзге уағдаластықтар болмаса, Алушы осындай растайтын құжаттарды ұсынғанға немесе қаражатты енгізгенге, немесе оларды қайтаруды жүргізгенге дейін Банк Арнайы шотқа ешқандай қосымша қаражат енгізбейтін болады.

б) Егер Банк қандай да бір кезеңде Арнайы шотта қалған қандай да бір сома қолайлы шығыстарды қаржыландыру есебіне одан арғы төлемдерді жүзеге асыру үшін талап етілмейді деп шешсе, Алушы Банктің тиісті хабарламасын алғаннан кейін осы қалған соманы Банкке жедел қайтаруға тиіс.